



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 35 (7977) 4 қазан, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Мәселе адам ресурстары арқылы шешіlmек

Қазақстан халқының жарқын болашағына бағыт-бағдар беретін Президентіміздің осы жылғы Жолдауы Жаңа Қазақстанды әлем кеңістігінде нық басуға, халқымыздың ынтымағын нығайтып, олардың мұң-мұқтажыдығын тыңдап қана қоймай, сол қажеттіліктерді шешуге айқын іс-әрекеттер көрсетілген Жолдау деп айтуға болады. Әрине, жолдау негізінен әлеуметтік мәселелерді шешуді алға қойғанымен, басты мәселе ретінде экономикамыздың нық басуына бағытталған, атқарушы биліктегі күрделі мәселелерді шеше отырып, инфрақұрылымдық өзгерістерді нық және батыл шешкен іс-шаралармен осы жолдау ерекшеленді деп айта аламыз. Әсіресе, бұл жерде соңғы жылдардағы ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне су тапшылығының байқала бастағанын болжаған Мемлекет басшысы осы саламен арнайы айналысатын министрлік ашуы, еліміздің логистикалық әлеуетін ескере отырып, жаңадан көлік министрлігін, әлемдік экономикада ерекше орын ала бастаған туризмнің

болашағын ескере отырып, осы бағытпен айналысатын министрлік ашуы, экономикамыздың әрқашан да драйвері болып есептелетін өндіріс пен құрылыс министрлігі ашылуы Мемлекет басшысының осы бағыттағы түбегейлі өзгерістер әкелетін шешімі деп айтуға болады. Осы өзгерістердің барлығы мемлекетіміздің материалдық базасын нығайтып, әлеуметтік бағдарламаларға,

ғылым мен білімге қаржы бөлуге мүмкіндіктерді күшейтетіні анық. Соның дәлелі ретінде, ҚР президенті Қ.К.Тоқаев ең алдымен адами капиталды арттыруға бағытталған жұмыстарға есеп берді. Мұғалімдердің айлығы соңғы 3 жылда 2 есе артуы; дәрігерлер жалақысының нағыз орта тап табысына жетуі; «Ұлттық қор – балаларға» жобасы – өзінің президенттік бағдарламасындағы берген уәдelerini жүзеге асырудың алғашқы баспалдақтары деп санаймыз. Сол сияқты, президент әкімшілігіндегі болған кадрлық өзгерістер мен ауыс-түйістер елімізде болып жатқан саяси-экономикалық реформалардың уақыт талабына сай екендігін, сөз бен істің арасындағы алшақтықтың азая бастағанын көрсетеді. Осы Жолдауда көрсетілген мәселелердің негізі адам ресурстары арқылы шешілетіндігі айдан анық қой.

Н.Жаңабергенов,
Ақтоғай аудандық
ауылшаруашылық бөлімінің
басшысы.

Жолдау биік белестерге бастайды

Қазақстан халқының жарқын болашағына бағыт-бағдар беретін Президентіміздің осы жылғы Жолдауы халқымыздың ынтымағын нығайтып, олардың мұң-мұқтажыдығын тыңдап қана қоймай, сол қажеттіліктерді шешуге айқын іс-әрекеттер көрсетілген Жолдау деп айтуға болады. Қазақстан азаматтарының тұрмыстық ахуалын арттыруды көздеген әлеуметтік шаралар жасау тұрғысындағы мақсаттар белгіленіп, басты назарды азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігі екені нақты айтылды. Осының өзімен Қазақстанның көшбасшысы мемлекеттік саясаттағы ең басты капитал – адам екендігіне көзі жеткен экономикалық және саяси жетілудің шыңынан көрінеді. Сондықтан болар 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды.

Президент Жолдауында қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажеттілігін атап өтіп, сонымен қатар әскери құрылымдардағы тәртіпке басты назар аударып, әскер тақырыбын да айналып өткен жоқ. «Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата – ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты», - дей келе әскердегі тәртіп пен заңның сақталуы, әскерде жүрген сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне назарды баса аударды.

Бұл сан саланы қамтыған, сараланған салмақты стратегиялық жоспар. Бүгінгі жолдау халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді және нақты бағыт – бағдарымызды айқындағаны мәлім.

Халқымыздың бар қажеттіліктері ескеріліп, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Жолдау болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді.

Айжан Мухамбекова,
Ақтоғай аудандық әскери-есеп столының бастығы.

* Қуан ағайын!

Ақтоғай перзенттері құрмет төрінде

Бүгін Алаштың рухани темірқазығы - Ақтоғайдың төл перзенті, Алаш алыптарының жоқшысы, ұлттық мәдениетіміздің майталманы, өлкетанушы, зерттеуші, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, Әлиханнұң шырақшысы Тұңғышбай Мұқан Қарағанды облысы әкімінің "Алтын қобыз" сыйлығының "Алтын жолақ" аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Ал, дәстүрлі әнші Дәуренбек Әркенов «Жылдың үздік дәстүрлі әншісі» атанса, Жанболат Ұзақбай «Жылдың эстрада жанрының вокалисі» және Света Супянова «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі» номинацияларын иеленіп, ауданымыздың абыройын асқақтатты. Жан жадыратар жаңалықты ақ туымызды желбіретіп аудан ақпаратында бөлісіп, ағайыннан сүйінші сұрадық.

Жерлестеріміздің қаншама жылдар бойы төккен тері, адал еңбегі еленіп, абырой мен даңққа ие болғанына барша ақтоғайлықтар шын жүректен қуандық. Қуанышымыз ұзағынан болып, еселене берсін ағайын!

Қ.Ақторғай.

* Жаңа нысан

Ақсұңқар

бөбекжай балабақшасы ашылды



Болашақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән бере қарап, мектепке дейінгі тәрбие саласындағы өзекті мәселенің бірі бүгін Ақтоғай жерінде өз шешімін тапқандығын, сүйіншілеп айтуға болады. Ауданымызда «Ақсұңқар» бөбекжай балабақшасы бүгін балдырғандарға өз есігін аяқара ашты. Балабақшаның ашылу мейрамына келген ауылдастарымыз шашу шашып, қуаныштарын бөлісті. Салтанатты шара әсем әуен, күмбірлеген күймен ашылды.

Алғаш сөз кезегін аудан әкімі Абылай Базылұлы алып бүгінгі мерекемен барша ауылдастарымызды құттықтады, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Сәкітай Шошымбекұлы ақсақал ақ батасын берді. Көптен күткен бөбекжай-балабақшаның лентасы қиылды.

Келген қонақтар бөбекжай-балабақша ішін аралап, бөлмелерімен танысты. Әр бөлме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталған. Яғни, мұнда 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Бүлдіршіндерге тек тәрбие беріп қана қоймай, олардың спортпен, музыкамен айналысуына да баса назар аударылған. Бүгінде мұнда 12 адам жұмыспен қамтылса, оның 6-ы педагог маман.

Жеке балабақша ашып, игілікті (Жалғасы 3-бетте).

* Мереке мезіреті

Ардагерлер – еліміздің алтын қоры

«Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деп өсиет еткен қазақ қашанда қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде әр шаңырақта ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды саналарына сіңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ганибет. Қарияларымыздың «Жасымда бейнет бер, қартайғанда

қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын, – деп тілегін білдірді. Дөңселек стол басында бас қосқан ақылман аға, ардақты аналарымыз келелі әңгіме өрбітіп, ауданымыздың келешегі жайлы келісті айтып, өңір басшысымен кейбір мәселелерді ақылдасты. Мерекелік қабылдау соңы үлкен марапатқа ұласты. Абылай Базылұлы өз құттықтауынан кейін, ауданымыздың өсіп-өркендеуіне



зейнет бер» деуінің мәні де осында. Расында, ардагерлер – еліміздің алтын қоры. Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы біз үшін аса құнды. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, үйлесімге ерекше мән берген.

Әр жыл сайын елімізде 1-қазан – Халықаралық қарттар күні дәстүрлі түрде аталып келеді. Аудан әкімі А.Аманжолов осындай ұлық мереке күні ауданымыздың қазыналы қарттарының басын қосып, мерекемен құттықтап дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін,

сүбелі үлес қосып келе жатқан ардагерлер кеңесінің төрақа мүшелері, бастауыш ардагерлер ұйымы төрағалары мен белсенді ардагерлерді «Ақтоғай ауданының Құрметті ардагері» төсбелгісімен марапаттап, құрмет көрсетті. Сонымен қатар аудан басшысы құттықтау сәтінде биылғы жылы 70 жастан асқан 834 зейнеткерге 15 мың теңге көлемінде бір жолғы материалдық көмек берілетінін айтып, қарияларымызды қуантты. Басқосуда құттықтаулар айтылды, «Тоқырауын толқындары» ансамблінің әншілері әннен шашу шашты.

Өз тілішімізден.

* Құқық заңнамасы

Алаяқтар қалай алдайды?

Алаяқтар арбауына түсіп жатқан адамдар аз емес. Әдетте қылмыскерлер әлеуметтік желіге жалған хабарландыру орналастырады немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасап алады. Осылайша интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн несие рәсімдеу арқылы қылмыс жасау белең алуда. Интернет мүмкіндігін оңтайлы пайдаланған алаяқтар әдіс-тәсілін күн сайын өзгертіп жаңартып отырады. Компьютер смартфон, планшеті бар адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айналатынын ескертеміз. Одан басқа кейбір интернет бағдарламаларды смартфон не компьютерге көшіргенде олардың қаншалықты қауіпсіз екендігін білген жөн. Кейбіреулері мысалы AnyDesk бағдарламасы арқылы алаяқтар кез келген адамның банктік шоттарына оп-оңай кіріп әртүрлі операциялар жасау арқылы азаматтардың қаражатын шешіп алып жататыны анықталған.

Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталар мәліметтерін кодтарды, құпия сөздерді ешкімге хабарламау, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеу, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымын жүзеге асырмау, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымша орнатпау, кез келген сілтеме бойынша өтпеу, спам хабарламаларға сенбеу маңызды. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғай алады.

Н.Ибраев,

Ақтоғай аудандық сот әкімшісінің басшысы.

Жаңа тағайындау



Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Мемлекеттік қызмет туралы» №416 Заңының 29 бабының 1 тармағына, 30-бабының 1 тармағына сәйкес ӨКІМ ЕТТІМ:

Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған Мукатай Дарқан Серікұлы 2024 жылдың 13 қыркүйегінен бастап Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары (Е-1 санаты бойынша) болып тағайындалсын.

Ақтоғай ауданының әкімі
А.Аманжолов.

Дарқан Мукатай Ақтоғай ауданы, Кусак селолық округінде дүниеге келген. Екі жоғары білімі бар.

1994 ж. Қарағанды педагогикалық институтының “дене тәрбиесінің мұғалімі” және Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті құқықтану мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын, 1994 жылы Шұбартау орта мектебінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастаған.

1997 жылы Кусак селолық округінің әкімі аппаратының хатшысы, Кусак селолық округі әкімі аппаратының бас маманы, 2013 жылдан осы уақытқа дейін Кусак ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарған. Отбасылы.

* Спорт деген бір сиқыр

Гаухар- әлем кубогының жеңімпазы



қатысушылардың нәтижелеріне ризамын. Бұл турнир кіл мықты спортшылар қатысқан беделді зор жарыс болды. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ, маңдай тер еңбекпен келді. Қазір республикалық жарыстарға дайындалып жатырмыз. Ташкенттегі әлем чемпионаты жас боксшыларға жаңа мүмкіндіктер ашатын жол болды. Кикбоксингті 2028 жылғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізу жолындағы маңызды қадам ретінде қарастырылады. Бұл біздер үшін зор қуаныш. Әлем кубогын иеленіп, еліміздің көкбайрағын жоғарыда желбіреткен жерлесіміз Гаухар Сайлаубекті аудан әкімі

Қарағанды облысының жас спортшылары кикбоксингтен әлем кубогында ерекшеленді. Жерлестеріміздің қоржыны екі алтын, бір қоламен толықты. Ташкентте өткен әлем чемпионатына 53 елден 1200 спортшы өз бақтарын сынады. Жекпе-жек шайқастарды 130-дан астам халықаралық төрешілер тамашалады. Бұл додаға Қарағанды облысынан Қазақстан құрамасының сапында қатысқан, үш спортшы жүлделі орындарды иеленсе, жастар арасында бірінші орынды балқаштық жерлесіміз Гаухар Сайлаубек жеңіп алды.

Жаттықтырушысы Дулат Сәметов. Ересек ұлдар арасында Дамир Қадыров үздік атанып (тәлімгері Александр Логинов) қола жүлдені иеленді. Бапкер «Атлант» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жаттықтырушысы Александр Логинов сөзінде: – Мен жарысқа

Абылай Базылұлы аудан халқы атынан құттықтап, 500 теңгелік сертификат табыстады. Жеңісін құтты, мерейің үстем болсын Гаухаржан!

Гүлнар Метайқызы.



Ұлттық рухтың аласармауын көксеген әкей



Қалкенді ойласам “жақсы әкенің аты, ұлына қырық жылға азық болады” деген сөз рас екен ғой деп ой түйемін. Қалкен ұрпағының ғана емес, ұлтының қамын ойлап кеткен бекзада жан еді. Мен 1963 жылы дүниеге келгенде атымды Бекболат деп Қалкен қойған болатын. Мен әке-шешемнің тұңғышы болғандықтан, ата әжемнің баласы болып саналдым. Әке-шешем аға-жеңге ретінде болды. Қалкен әкем Тұрсынтайдың немере ағасы. Мен Қалкенді “Папа” деп атап өскен едім. Әкем бала кезінде орта мектепте Ақтоғайда осы Қалкеннің үйінде жатып оқыған болатын. Әкем немере ағасы Рахметолла екеуі сол

үйде бірге жатқан. Тұрсынтай әкемді атам ұлдан жалғыз болғандықтан кейін қалаға оқуға жібермей адып қалған екен. Қалкен “егер Тұрсынтай оқуға барғанда Рахметолла тәрзіді профессор болатын еді” деп еске алып айтып отыратын. Тағдырдың жазуымен әкем 41 жасында жол апатынан көз жұмды. Қалкен бізге ерекше қамқор болып әкелік мейірімін аямады. Лиза шешеміз тұңғыш ұлым Дастанның атын қойған. Қалкен папа мені ерекше жақсы көрді, үнемі ақыл кеңесін айтып отыратын. Ол кісі маған өмір мектебінде бағыт-бағдар көрсетіп отырды. Әр адам өзінің ата тегін біліп жүру тиіс деген мақсатпен маған үнемі ата бабаларымыз жайында мағлұмат беріп отыратын. Әсіресе, халық жадында аттары қалған тұлғалар, алдына 18 мың жылқы біткен үлкен дәулет иесі 7 - ші атамыз Оразғұл баба және оның ұрпақтары Биата (Сеңкібай батыр), Шой батыр, ақын Қасым Аманжолов, Әлімхан Ермековтер жайында жиі сөз қозғайтын. Қазақтың мандайына біткен қайраткер ұлдары, Алаштың үш арасының бірі Әлімхан Ермековтің қасында Қалкен жас күнінде жүрген. Сол кісінің ақыл кеңесін тындап, Алаш қайраткерінің биік болмысын Қалкен тірі кезінде жазып та, айтып та жүрді. Әлімхан Ермековтің қазаққа жасаған күрескерлік еңбегін ұрпақ ұмытпай өнеге алса деп мақсат тұтты. Маған да жақсылар жайлы тың деректер айтып жүрді. 1994 жылы Биата (Сеңкібай батыр)

туғанына 285 жыл толуына орай ас берілді. Осы асты ұйымдастыру комиссиясы отырысына Ақтоғайдан Қайыржан екеуімізді Қарқаралыға шақыртып, сол жердегі туыс ағаларымызбен таныстырды (Төлеутай Шахарбаев, Хакім Зәкішев, Бағдат Шахмарданов, Разақ Әлин, Сағаткерім Смақов т.б.). Биатаның (Сеңкібай батыр) рухына арналған асты Қалкен өзі ұйымдастырды. Батыр бабамыз туралы тарихи деректерге толы 2003 жылы Сеңкібай батыр - Биата атты кітап жазған болатын. 2000 жылы Оразғұл баба басына құлпытас орнатуда, 2006 жылы Биата мазарын салуда Қалкен басы қасында жүріп осы шараларды ұйымдастырды. Лиза мамам мені 40 жасқа келгенше “балапаным” деп аналық махаббатпен еркелетіп жүретін. Сонда Шарбат “мама, сіздің балапаныңыз бойлердан да үлкен” деп күлетін еді. Бұл да осы кісілердің маған деген ерекше мейірімдері болғанын көрсетеді. 2004 жылы папамыздың 80 жылдық тойын Жезқазғанда атап өттік. Тойға жиналған халықтың ықыласы мен ізгі тілектерінен облыс жұртының Қалкен деген ыстық ықыласын, ерекше құрметін сезініп, қуанып қалғанымыз рас еді. Танымал журналист Қасым Орынбетов “Қалкен ұрпағына ат басындай алтын қалдырып кетті. Ол өнегелі өмірі, халықтың қалаулысы болуы еліне адал қызмет етудің үлгісі болуы,” – деп пікірін білдірген болатын.

Абыройлы еңбек етіп халыққа жақсы атымен танылған Рымбек Жүнісов те өз кітабында Қалкен деген жылы лебізін білдіріп әкеміздің азаматтық болмысын биік деп бағалаған. Рымбек Жүнісов “Тоқырауын тоқырамасын” деген кітабында аудандық паркті Қалкен атымен атау керек деген ұсынысын білдірген болатын. 1985 жылы Ақтоғай аудандық тұтынушылар одағы басқармасы бастығының сауда жөніндегі орынбасары ретінде тағайындалар кезде, сол кезеңдегі талапқа сай қызметке кірісу үшін аудандық партия комитетінің бюро мүшелерінің келісімі қажет болды. Сол кезде аупартком хатшысы Рымбек Жүнісовтің қабылдауында болғанымда “ақыл-білімнің үлкен әкең Қалкендей болсын, адамгершілігің өз әкең менің құрдасым Тұрсынтайдікіндей болсын, ақ жол,” –деп маған қолдау білдірген еді. Мұндай сәттер адам жанына ұмтылмастай із қалдырып өмір жолында демеу болады екен. Сонымен қатар осы кезде әкелеріме деген кеудемде мақтаныш сезімі оянып олардың атына кір келтірмеу өмірлік мақсатым болуы тиіс деген ой түйдім. Қалкен осылайша бізге бағыт көрсеткен әке болуымен қатар, халқына пайдасы тиген, өнегелі өмір сүрген ел азаматы болды. Оның есімі біздің жүректе мәңгі сақтала бермек.

Бекболат Әмірбеков, Биата ұрпағы, Қызыларай ауылы.

(Соңы. Басы 1-бетте).

жұмысты іске асырған Дәулет Хибрат бұған дейін де екі жекеменшік балабақша ашып, балалармен тығыз жұмыс жасауды жақсы меңгерген құрылтайшы. Бөбекжай-балабақша директоры Ақерке Дәулетқызы өз қызметін жоғарғы деңгейде атқара алатын білікті маман. Ол

үйретеді деген сенім мол. «Бала – біздің болашағымыз». Сондықтан тәуелсіздіктің тұтқасын берік ұстап, ел ертеңін ойлайтын саналы, отансүйгіш азамат тәрбиелеу бағытында жұмыс істеуге әзірміз, – дейді балабақша тәрбиешілері. Балабақшаның басты ерекшелігі – мұнда бал тілді балғындарды қазақы



осы салада жүріп, төгілген тер мен атқарған істің нәтижесі жемісін бергенін айтады.

– Бұл балабақша көптен бергі жоспарланған жетістігімнің бірі. Отбасымызбен бірлесе жұмыс жасап, балабақшада жинаған тәжірибем үлкен іске қадам басуға сеп болды. Әр балаға төленетін жарна жас ерекшеліктеріне қарай 16-18 мың теңге аралығында болмақ. Алдағы уақытта балабақшамыз патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін алтын орда болады деген сенім білдіремін, – деп сөзін түйіндеді Ақерке ханым.

Бүлдіршіндерге есігін айқара ашқан бөбекжай-балабақша заманауи үлгіде жабдықталған. Бөлмелері кең, жылы әрі жарық. Мұнда үш топ бар. Білікті педагогтар балғындарға тағылымды тәліммен қатар, жан-жақты болуды

салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа баулу, ұлттық құндылықтарды ұлықтау көзделген. Сонымен қатар кішкентайлардың денсаулығы да басты назарда. Мейірбике бөбектерді күн сайын тексеріп отырады. Ал, ата-аналар бұл балабақшада білімдар әрі саналы ұрпақ өсіп шығатынына сенімді.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, тәрбие тал бесіктен басталуы тиіс. Тек отбасында ғана емес, балабақшада тіл үйреніп, халқымыздың салт-дәстүрін бойына сіңіріп, құнарлы бай тарихынан нәр алып өскен баланың болашағы қашанда жарқын болары сөзсіз.

Жаңа бөбекжай-балабақшамыз құтты болсын жерлестер!

Гүлнар Елеусізова, Ақтоғай ауылы.

* Рухани қазына

«Ұрпаққа қалған асыл мұра»

кітабының тұсаукесері болды

Аудандық орталықтандырылған кітапхана оқу залы бөлімінің ұйымдастыруымен «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі», Жезқазған облыстық мұғалімдер І-съезінің делегаты, «Жыл мұғалімі» байқауының 2 дүркін жеңімпазы, бірнеше кітаптың авторы, өлкетанушы, «Еңбек ардагері», бірнеше төсбелгінің иегері Торғай Ақпанбаевамен оқырмандар рухани кездесу өткізді. Сонымен қатар бұл кеште Торғай Ақпанбаева апайымыздың «Ұрпаққа қалған асыл мұра» атты 30 жылдық ізденіспен, маңдай тер, зерттеулермен жазылған Шөже Қаржаубайұлына арналған тарихи кітабының тұсаукесері жасалды. Рухани кешке кітап оқырмандары, Торғай апайымыздың туысқандары, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасы С.Сыздықов, Ақтоғай ауданының мемлекеттік архивінің басшысы



Қ.Жолдасов, аудандық археологиялық-этнографиялық музей басшысының орынбасары С.Қалиясқаровтар қатысып, кітап иесіне ақ тілектерін жаудырды. Шөже Қаржаубайұлына арналған жинақтың сүбелі еңбек, маңдай термен келгендігі жайлы кейіпкеріміз кеңінен толғап әңгіме өрбітті. Ұйымдастырушылар алқасы кітап авторына сый-сияпат жасаса, өнер мектебінің өнерпаздары әннен, күйден шашу шашып мереке шырайын келтірді. Оқырмандар рухани сусындап қайтты. Жазарыңыз көбейе берсін, Торғай апай!

PS: Шараға арналып «Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем» атты көрме ұйымдастырылды.

А.Жұмажанова,

Аудандық орталықтандырылған кітапхана оқу залы бөлімінің аға кітапханашысы.

Шәкірт жүрегіне жол тапқан

ұстаздар мерекесі жоғарғы дәрежеде аталып өтті

2 қазан күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Жаңашыл ұстаз – заман талабы» тақырыбында ұстаздар күніне арналған мерекелік шара кең көлемде аталып өтті. Залда цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект бойынша көрме ұйымдастырылды. Алғаш сөз кезегін алған аудан әкімі А.Аманжолов: – Құрметті

ұрпаққа мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы», – дей келе бала бағбандарына зор денсаулық, шығармашылық табыстар тіледі. Мерекелік шарада, өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға есеп берілді, онда 2023-2024 оқу жылын 171 түлек аяқтап, оның

сөзден соң ауданымыздың білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесі үшін мектеп қызметкерлері мен білім беру ұйымдары қызметтерінің

білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесі үшін «Үздік психолог» номинациясымен Әлихан Бөкейхан атындағы Тірек

тиімділігін бағалау рейтингісінің нәтижесінде жоғары көрсеткішке ие болған «Орта білім берудегі үздік ұйым» номинациясымен Қошқар тірек мектебін, Тасарал жалпы білім беретін мектебін «Үздік шағын жинақты мектеп» номинациясымен, «Руханият негізімен ұлттық тәрбие үдерісін ұйымдастырушы мектеп» номинациясымен Әлихан Бөкейхан атындағы Тірек мектебі және Сарышаған кентінің

жалпы білім беретін орта мектебін, «Шебер педагогтар» номинациясымен Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебін, «Үздік мектепке дейінгі ұйым» номинациясымен «Айгөлек» бөбекжайлар марапаттап, мерейлерін үстем етті. Осындай қуанышты сәтте жекелеген ұстаздардың да еңбектері еленіп, марапаттауға ие болды. Ауданның білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесі үшін «Үздік жетекші» номинациясымен Әлімхан Ермеков атындағы мектептің мұғалімі Байыз Ботакөз, ауданның

мектебінің психологы Кенған Гүлмира марапатталды. Сонымен қатар үздік ұстаздарға облыстық «Білім білім беру қызметкерлерінің кәсіподағының төсбелгісін» және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаттары табысталды.

Мерейлі мерекеде ұстаздарға Өнер мектебінің және К.Байсейітова мектебінің оқушылары мерекелік концерт қойып, әннен шашу шашылды.

Г.Елеусізова.



ұстаздар сіздерді ұлық мерекемен шын жүректен құттықтаймын. «Ұстаз – ұлы есім» ұстаздың алдынан өткен әрбір оқушы оған қарап бой түзейді, ой түзейді. Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Ұстаздан үлгі өнеге алып, өмір кеңістігіне құлаш ұрған кез-келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел дегендей жас

9-ы «Алтын белгі» иегері атанған. Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық комиссияның қорытындысы бойынша ауданымыздың 73 түлегі және 8 «Алтын белгі» иегерлері мемлекеттік грант иегері атанғанын, сонымен бірге ауданымыздың білім беру ұйымдарында спорттық үйірмелерге қатысып жүрген оқушыларымыздың және өнер, би, әуен бағыттары бойынша да оқушылардың жыл бойы жеткен жетістіктері құрметпен сахна төрінде аталды.

Жеткен жетістіктермен оқушыларды, ұстаздарды марапаттауға аудандық білім бөлімінің басшысы Айдос Қуанышбаев шақырылып, құттықтау



«Адамзаттың диқаншысы» болған аяулы ұстазым



Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы ұстазды «Адамзаттың диқаншысы» деп тегін айтпаған болар. Себебі, әр оқушының бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін ұлағатты ұстаз. Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі. Жас шыбықтың тамыры тереңге кетіп, жапырағы жайқалып, жемісі мол болуы үшін қажырлы еңбек қажет, сондықтан да бағбан оны ұзақ баптап күтеді. Ұстаз да бағбан сияқты. Соқырға жүруді таяқпен үйреткен сияқты ұстаз шәкіртіне оқу,

жазуға үйрету, емлеге дағдылау, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша білім беру оңай шаруа емес. Алаштың ардақты тұлғасы Мағжан Жұмабаев: «Адам баласына төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Алдымда отырған шәкірттерім адам болсын деген ұстаз осы бағытты ұстанады...», – дегені ақиқат. Ауданның ағарту саласында ширек ғасыр еңбек еткен, ағарту саласының үздігі, ұлағатты қарт ұстаз Мәкила Аманжолқызы дәл Мағжан Жұмабаев суреттегендей ұстаз. Белгілі ағылшын ағартушысы Уильям Уорд айтады: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға ғана қарыздармын. Ол – менің ұстазым Аристотель» – дейді. Ақтоғай ауданының халқын жазу мен сызуға үйретіп, тәлім тәрбие берген ардақты ұстазымыз Мәкила Аманжолқызына бәріміз қарыздармыз десем артық емес, әрине. Саналы ғұмырын ауданның ағарту саласына арнаған аяулы ұстазымыз мәңгі жүрегімізде сақталады. 30 жылдан асты Қарағанды Медицина Университетінде оқытушы болып қызмет атқарып келемін. Осы күнге дейінгі әрбір жетістігім мен абыройым ұлағатты ұстазымның арқасында.

Мәкила апайдың алдынан түлеп шыққан шәкірттері еліміздің әр саласында абыроймен қызмет атқаруда, олардың арасында ғалым да, мұғалім де, дәрігер де, генерал да бар. Жақсы ұстаз жақсы шәкірттерді жасайды. «Дүниедегі мамандық атаулының төресі – Ұстаздық. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан металлург те, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен малшы да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі бәрі ұстаздан білім мен тәлім алған» – дейді белгілі жазушы Джек Лондон. «Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, әріп танытып, білім берген жандарға құрмет ешқашан сарқылмайды. Ұлағатты ұстазымның шәкірт үшін жасаған барлық жақсылықтары дүниенің асыл қазынасымен тең. «Ата-анам менің аспаннан жерге түсуіме, дүниеге келуіме себепкер. Ал ұстазым жерден аспанға кіруіме себепші» – деп дүниені дүр сілкіндірген Ескендр Зұлқарнайын да жорықтан келгенде, ең алдымен ұстазына барып амандасады екен. Асыл жан, аяулы ұстазым рухыңыз пейіште шалқысын. Мындаған шәкірттеріңіз барда сіз мәңгі есіміз десіз.

Камшат Абдрахманова,
Қарағанды Медицина Университеті Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры.

АЭС салу ұсынысы 90-жылдардың аяғынан бері талқыланып келеді. Мен экономика министрі болған кезде де осы мәселе көтерілді. Үкіметте қызу талқылауға түсті. Бірақ жоба қолдау таппады. Себебі ол уақытта электр қуатын өндіретін әлеует жоғары, экономика әлі дағдарыстан шықпаған, электр қуатына сұраныс төмен, қаражат тапшы еді. Кейінгі 5–6 жылда мәселе қайта көтерілді. Біріншіден, экономиканың қарқынды өсуіне байланысты электр қуаты тапшылығы байқалса, екіншіден, күн тәртібіне энергияның таза көзін пайдалану қатаң қойыла бастады. Мысалы, былтыр еліміз 115 млрд киловатт-сағат электр қуатын тұтынды, соның 112 млрд-ын өзіміз өндірідік. 3 млрд-қа жуық электр қуатын көрші мемлекеттерден алдық. Бұл –

ланып келеді. Олардың жұмысының нәтижелерін әлемдік ғылыми қоғамдастық толық мойындайды. Сонымен қатар 1973 жылдан 1999 жылға дейінгі кезеңде Ақтауда БН-350 толыққанды өнеркәсіптік ядролық реакторын пайдаланды, ол реактор апатсыз жұмыс істеді. Бұл – ел құзыреті мен әлеуетінің дәлелі. АЭС салу туралы оң шешімге келетін болсақ, қай елге салғызып, қай мемлекет технологиясын әкелетініміз анықталғанда сол технологияға арнап кадрлар даярлай бастаймыз. Кадр даярлау аса қиын емес. Он жылда мыңға тарта инженер даярлауға болады. Қазір дайындығы бар адамдар қатарынан кәсіби деңгейі жоғары мамандарды таңдап, 2-3 жыл оқытып, белгіленген елге тәжірибеге жіберсек, дайын маман болып шығады. Дүние

шамамен 2 млрд текше метр газ керек. Ал энергетикалық теңгерімде 20 ГВт энергия қуаты қажет десек, оның бәрін газбен жабуға 40 млрд текше метрден астам газ керек болады. Оның үстіне газ-химия саласын дамытып, өңірлерді газдандыруды кеңейтіп жатырмыз. Аталған бағыттың бәріне бірдей жететін газ ресурсы жоқ бізде. Әлем халқын алаңдатқан ең күрделі мәселе – жер шарындағы климаттың өзгеруі. Мұндай өзгеріс бізде тіптен қатты байқалады. Еуропаның көп елінде бұрынсоңды болмаған күн ысуы орын алып, мыңдаған гектар орманды өрт шалып, халық әбiгерге түсті. Азия, АҚШ пен Еуропадағы бірқатар елді топан су басып, экономикасына орасан зор зиян келді. Африка мен араб еліне қар жауып, оларда да қиындық туды. БҰҰ қол-

млн тоннадан астам көмірқышқыл газын ауаға шығарады. Басым бөлігі электр энергиясын өндіру мен халықты жылумен қамту саласына тиесілі. Нақты есепте біздің елде температура көтерілуі дүниежүзіндегі жағдаймен салыстырғанда анағұрлым жылдам екені дәлелденді. Мысалы, кейінгі 100 жылда жер бетінің температурасы 1 градусқа жуық көтерілді. Ал көп жылғы зерттеудің нәтижесінде біздің елде әр жылда температура 0,28 градусқа немесе 35 жылда 1 градусқа көтеріліп жатқаны анықталды. Салдарынан өзен-көлдерде су тартылып, көп жер шөлейтке айналып барады. Елдегі экологиялық жағдайды түзеуге бет бұрмасақ, 2100 жылға дейін температура 3 градусқа көтерілуі мүмкін. Бұл жағдай экономика мен халық тұрмысына

Елге АЭС неге керек?

энергия тапшылығының бірден-бір көрінісі. Оған қоса кейінгі екі жылда энергия қуатын өндіру төмендеді. Энергетикада «қондырылған қуат» деген ұғым бар. Ол – жаңадан салынған кездегі электр стансасының жалпы өндіру қабілетін бейнелейтін көрсеткіш. Қазір ол елімізде 24,6 ГВт. Бір қарағанда, өте үлкен көлем, бірақ уақыт өте келе кез келген қондырғы ескіреді. Өртүрлі техникалық ақау болады. Сондықтан айналымға «қолжетімді қуат» деген ұғым енгізілген. Бұл – елдегі электр стансаларының қуат өндіруге жарамдысын бейнелейтін көрсеткіш. Ол бізде қазір жоғарыда аталған 24,6 ГВт көлемнің 17 ГВт көлеміне жетержетпес болып тұр. Сол 17 ГВт көлемнің тұрақты жұмыс істейтін қуаты баржоғы 15 ГВт шамасында. Ал таңертеңгі 1–2 сағат пен кешкі 1–2 сағатта электр қуаты ең көп пайдаланылатын кезең саналады. Сол кезде халық сұранысын қамтамасыз етуге бүгінде 16 ГВт қуат керек. Бірақ ондай мүмкіндік кейде жеткіліксіз. Қуат жетпегендіктен, көрші мемлекеттерден энергия алуға мәжбүрміз. Бүгінде 31 ел атом электр стансасын пайдаланады. Қазір әлемде 439 энергетикалық реактор жұмыс істейді. 19 ел 62 реактор салу сатысында. Атом энергетикасы әлемдегі электр энергиясының жалпы генерациясының 10%-ын құрайды. Еуроодақ атом энергетикасын «жасыл» технологияға теңестірді. Енді 15-20 жылда АЭС қызметі барынша жанданатыны күмән тудырмайды. Атом энергетикасын дамытуға бізде жеткілікті әлеует бар. Өндірілетін табиғи уран көлемінен әлемде бірінші орындамыз. Оған қоса елімізде ядролық отын компоненттерінің өндірісі бар. Үлбі металлургия зауыты базасында АЭС-ке ядролық отын шығаратын зауыт іске қосылып, еліміз ядролық отынның белсенді өндірушісіне айналды. Мұндай мүмкіндік көп елде жоқ екенін ескерсек, бізде атом энергетикасын дамытудың ауқымды әлеуеті бар екені, оны ұтымды пайдалану байыпты шешім болатыны анық. Бұл салада еліміздің кадрлық саясаты қалыптасты. Атом өнеркәсібі мен ғылымда 20 000-нан аса адам еңбек етеді. Жоғары оқу орындарында 2010 жылдан бастап ядролық, техникалық физика бағытында 3 000-нан аса кадр даярланды. «Ұлттық ядролық орталық» пен «Ядролық физика институтында» 3 ядролық зерттеу реакторы жұмыс істейді. Пайдалануға берілген сәттен бастап осы реакторларды біздің мамандар еш қиындықсыз табысты пайда-

жүзінде қалыптасқан талапқа сай экономиканы тұрақты дамытуға энергияның таза көзін пайдалану қажеттігі күн тәртібіне енді. Осы тұрғыда жасыл энергия қатарындағы АЭС-ке балама жоқ екені белгілі. 2035 жылға дейінгі энергетикалық баланс әзірленді. Соған сәйкес экономиканың өсу қарқыны артады, халық саны көбейіп келеді. Аталған мерзімге дейін электр энергиясын тұтыну көлемі сағатына 153 млрд кВт деңгейінде болатыны болжанды. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған электр стансаларының өндіру қабілеті 2020 жылғы 108 млрд кВт/сағаттан 2035 жылы 88,6 млрд кВт/сағатқа дейін кезең-кезеңімен төмендейтіні белгілі. Сондай-ақ көмір стансаларының өндіру қабілеті қысқарып, қосымша жасыл энергия санатындағы күн, жел, атом энергиясы мен газ көздерін пайдаланатын 17,5 ГВт электр қуатын енгізу экономиканың тұрақты дамуына мүмкіндік бермек. Кез келген мемлекет экономикасының тұрақты дамуы бірінші кезекте электр қуатымен қамтамасыз етуге байланысты. Дәл қазір еліміздің бұл саладағы әлеуеті өте зор. Өндірістің дамуына тұсау болатындай энергия тапшылығы байқалмайды. Десек те, өндірісті әрі қарай өрістетуге энергияның таза әрі тұрақты көзіне ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Сондықтан елде энергияның балама көзін дамыту мәселесі өткір тұр. Нәтиже де жоқ емес. Қазір жалпы өндірілетін электр қуатының 5%-дан астамы осы балама көзден алынады. Күн мен желден энергия алу ақырын дамып келеді. Осы орайда АЭС салғанша күн мен жел энергетикасын дамытып, неге толық соған көшпейміз деген сұрақ туады. Бұл мәселені де ашық айтқан дұрыс. Бірінші, бағаға байланысты. ЖЭК-тің қазіргі тарифі, әрине, біздің қолданыстағы дәстүрлі стансадағыдан қымбат. Екіншіден, ЖЭК үзіліссіз қуат бере алмайды. Үнемі бір бағытты қатты жел соғып, не үнемі күн жарқырап тұрса ғана үздіксіз энергия береді. Бұл табиғат жаратылысына қарсы. Сондықтан олар сенімді энергия көзі бола алмайды. Оған қоса, ЖЭК-тің қымбат энергиясы экономиканың бәсекеге қабілетін төмендетіп, елді дағдарысқа ұрындырады. Атом қуатының орнын газ да баса алмайды. Бұл салада көміртегі бейтараптығы саясатын ұстанған елміз. Көмір жағатын жаңа станса жобалай алмаймыз. Өтпелі кезеңде газ генерациясын ұлғайтуға болар еді, бірақ газ ресурсы жеткіліксіз. Мәселен, қуаты 1 ГВт болатын станса жұмыс істесе,

дауымен жұмыс істеп жүрген халықаралық ғалымдар тобының зерттеу нәтижесіне ден қоялық. 2014 жылы осы топтың 6 баяндамасы жарияланды. Онда жердегі температура тез көтеріліп, салдарынан климат өзгеріп, келеңсіз апатты жағдайлар орын алғанына адамның жауапсыз тірлігі себеп болғаны ғылыми тұрғыдан нақтыланды. Бұл үрдістерді тежеу жолында бүкіл әлем бірігіп күреспесе, жердегі температура 2100 жылға дейін тағы бір градусқа көтеріледі. Онда планетадағы көп аймақта өмір сүруге қауіп төнеді. Бұл ғылыми түрде дәлелденді. Зерттеу нәтижесі негізінде 2015 жылы Парижде 197 елдің басшысы қатысқан жиын болып, Париж келісіміне қол қойылды. Келісімнің негізгі талабы – әр ел 2100 жылға дейін жердегі температураны 1,5 градустан асырмауға атсалысуға тиіс. Оған қол жеткізуде бүкіл әлем көмір, мұнай, газ ресурстарын қолдануды күрт азайтуы керек. Энергияның жасыл түріне көшіп, қажетіне тиімді жаратуды өмір тәртібіне айналдыруға міндетті. Ауадан көмірқышқыл газды сүзіп алатын технология мен басқа шараларды қолдануға көшу де – маңызды міндет. Әлемнің жетекші мемлекеттері қысқа мерзімде арнайы стратегияларын қабылдап, 2050 жылдан бастап көмірсутегі ресурстарына (көмір, мұнай, газ) бейтарап болатындарын немесе сол кезеңнен бастап аталған ресурстарды тіршілікте пайдаланудан бас тартатындарын жариялады. Бұл жиынға біздің ел де қатысып, Париж келісімін қолдады. Бұл тек бізге ғана емес, бүкіл дүниежүзіне оңайға соқпайды. Себебі әлем экономикасы жылына 7,5 млрд тонна көмір, 4,5 млрд тонна мұнай, 4 трлн текше метрден астам газ пайдаланып отыр. Адамзаттың басқа амалы жоқ.

ТМД елдері арасында ауаны ластаудан алдыңғы қатарда тұрмыз. Себебі электр қуатының 68%-ын көмірден аламыз. Газ үлесін 10%-ға, ЖЭК үлесін 5%-ға дейін өсірдік. Ресей электр энергиясының 50%-ға жуығын АЭС пен су электр стансасынан өндіреді. Газдан алатыны – 23-24%. Демек Ресей электр қуатының 70%-дан астамын таза көзден алады. Өзбекстан энергия өндіруде 80%-ын газ бен басқа таза энергия көздерін қолданады. Бұл елде экономика қарқынды өсіп, энергия тапшылығы байқалды. Мәселені түбегейлі шешу мақсатында өзбек елі АЭС салуды қолға алды. Қырғыз елі энергияның басым бөлігін су ресурсынан алып отыр. Біздің елдің экономикасы жылына 400

орасан зор зиян тигізеді. Сондықтан Үкімет климат өзгеруін қатаң бақылап, жағдайды реттейтін тиісті шараларды жылдам іске асыруға тырысып жатыр. Экология мен климат өзгеруін былай қойғанда, ерте ме, кеш пе, қазба байлықтың таусылатыны анық. Демек отын таусылса, адамзат не істеуі керек? Адамның жер бетінде тұрақты тіршілік етуіне энергияның таза әрі шексіз көзі ғана мүмкіндік сыйлайды. Сондықтан аталған жағдайларды ескеріп, мемлекеттерді энергияның таза көзіне көшуге мәжбүрлейтін нақты тетік анықтала бастады. Алғашқысы 2026 жылдың басынан тәжірибеге еңбекші. Тетіктің бірі – трансшекаралық көміртегін реттеу нұсқасы. Соған сәйкес Еуроодаққа экспорт жасайтын кез келген мемлекет өз өнімінің экологиялық тұрғыдан таза екенін дәлелдеуге тиіс. Егер импортталатын затты өндіру Еуропада орналасқан өндіріспен салыстырғанда лас екені анықталса, ондай өнімге қосымша салық салынып, бірте-бірте Еуроодаққа келуіне тосқауыл қойылады. Бұл біздің экспорттаушы кәсіпорындарға оңай тимейді. Жетекші мемлекеттер арнайы қор құрып, экономикасы тұрақты елмен озық технологиясын бөлісуді жоспарлап отыр. Өндірісті жаңартуда белсенділік танытқан елдің бизнес өкілдері ғана бұл қордан қаражат алады. Осындай тетік көмегімен жетекші мемлекеттер кен отын көзін пайдалануды шектеп, дүниежүзі экономикасының жасылдануына ықпал етпекші.

Бытырдан бастап Еуропада көміртегі салығы («carbon tax») енгізілді. Осының өзі отандық өнімнің экспортын едәуір қиындататыны қазірдің өзінде белгілі болды. Себебі аталған жағдайға орай кез келген тауарға қойылатын техникалық регламент, стандарт пен талап өзгерді. Жалпы, дүниежүзілік дамудың дәл қазіргі кезеңінде әлемдегі әрбір елдің халықаралық беделі көп жағдайда көміртегін қолданбайтын экономикаға бет бұрысымен айқындалатынын айтқанымыз жөн.

Қорыта айтқанда, дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдері атом энергиясына иек артып тұр. Сондықтан дәл осы мәселеде үрейге бой алдырудың ешқандай қажеті жоқ. Бұл жұмысты кейінге қалдыра беруден ұтылмасақ, ұтпайтынымыз анық.

Жаксыбек ҚҰЛЕКЕЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері
Мақала: «Egemen Qazaqstan»
газетінің сайтынан алынды.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі кон-курстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер уақаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

№ п/п	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы		Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзге- де			
					Егіс- тік	Шабын- дық	Жайылым- дық	Басқа алқаптар						
1	Абай ауылдық округі лот №5	Мал шаруашылығы	541,0000	12 жыл		150,0000	539,0000	2,0000	7	Қамтамасыз етілмеген				
2	Айыртас ауылдық округі лот №7	Мал шаруашылығы	5000,0000	12 жыл			4847,0000	3,0000	9	Қамтамасыз етілмеген				
3	Қараменде би ауылдық округі лот №11	Мал шаруашылығы	251,0000	12 жыл			250,2000	0,8000	20	Қамтамасыз етілмеген				
4	Ортадересін ауылдық округі лот №19	Мал шаруашылығы	1500,0000	12 жыл	50,0000	1446,0000	4,0000	5	Қамтамасыз етілмеген					
5	Жер қоры лот №27	Мал шаруашылығы	2000,0000	12 жыл							2000,0000	1,0000	5	Қамтамасыз етілмеген
6	Жер қоры (а.о.Ортадересін) лот №28	Мал шаруашылығы	2000,0000	12 жыл							1996,2000	3,8000	5	Қамтамасыз етілмеген
7	Жер қоры лот №35	Мал шаруашылығы	3500,0000	12 жыл		3494,0000	6,0000	5	Қамтамасыз етілмеген					
8	Жер қоры лот №37	Мал шаруашылығы	3105,0000	12 жыл							3100,0000	5,0000	8	Қамтамасыз етілмеген
9	Қарабұлақ ауылдық округі лот №39	Мал шаруашылығы	1193,1605	12 жыл							1189,8605	3,3000	7	Қамтамасыз етілмеген
10	Қараменде би ауылдық округі лот №43	Мал шаруашылығы	54,7500	12 жыл	50,000	139,0000	1,0000	14	Қамтамасыз етілмеген					
11	Жер қоры лот №44	Мал шаруашылығы	2500,0000	12 жыл							2495,2000	4,8000	6	Қамтамасыз етілмеген
12	Қызыларай ауылдық округі лот №46	Мал шаруашылығы	190,0000	12 жыл							139,0000	1,0000	14	Қамтамасыз етілмеген

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе

Конкурс Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары- Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсанындағы № 518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидағы және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 43, 43-1, 48 бабының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Қосымша ақпаратты, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ө.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен ала аласыздар. Байланыс телефондары: 8710-37-2-12-92; 2-13-83, электронды мекенжайы aktoagai zher23@mail.ru.

Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі.

4 октября 2024 года

1. Заявка на участие в конкурсе;
2. Конкурсное предложение;

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания

(Жалғасы 7-бетте).

(Жалғасы. Басы 6-бетте).

срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

№ п/п	Направление от ближащего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохо- зяйственная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет		Сельхоз угодии в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспе- ченность	Другие
					Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угоди			
1	Абайский сельский округі лот №5	Для животноводства	541,000	12 год			539,0000	2,0000	7	Необеспечен	
2	Айыртаский сельский округі лот №7	Для животноводства	5000,000	12 год		150,0000	4847,0000	3,0000	9	Необеспечен	
3	Караменде би сельский округі лот №11	Для животноводства	251,0000	12 год			250,2000	0,8000	20	Необеспечен	
4	Ортадересинский сельский округі лот №19	Для животноводства	1500,0000	12 год		50,0000	1446,0000	4,0000	5	Необеспечен	
5	Земли запас лот №27	Для животноводства	2000,0000	12 год			2000,0000	1,0000	5	Необеспечен	
6	Земли запас (с.о. Ортадересин) лот №28	Для животноводства	2000,0000	12 год			1996,2000	3,8000	5	Необеспечен	
7	Земли запас лот №35	Для животноводства	3500,0000	12 год			3494,0000	6,0000	5	Необеспечен	
8	Земли запас лот №37	Для животноводства	3105,0000	12 год			3100,0000	5,0000	8	Необеспечен	
9	Карабулакский сельский округ лот №39	Для животноводства	1193,1605	12 год			1189,8605	3,3000	7	Необеспечен	
10	Сельский округ Караменде би лот №43	Для животноводства	54,7500	12 год			54,5500	0,2000	15	Необеспечен	
11	Земли запас лот №44	Для животноводства	2500,0000	12 год			2495,2000	4,8000	6	Необеспечен	
12	Кызыларайский селский округ лот №46	Для животноводства	190,0000	12 год		50,0000	1998,3000	1,000	14	Необеспечен	

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборуд-дования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфра-структуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного



Еске алу

Алғашқы әрі ардақты ұстазымыз **Ғабдуллина Бақытжан Мейрамқызын** сұм ажал арамыздан алып кеткеніне жылдың жүзі болды. Бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған, мектеп табалдырығын аттағанда, алғаш қолымызға қалам ұстатып, әріп үйреткен аяулы ұстазымызды сағына еске аламыз. «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп хакім Абай айтпақшы аяулы ұстазымыз біз үшін орны ерекше жан. Ол кісінің жарқын бейнесі, жағымды дауысы, бірге өткізген сәттеріміз жүрегімізде мәңгі сақталады.

Алланың бұйрығы мен тағдырдың жазуына ешкім қарсы тұра алмайды. Қолдан келері рухыңызға иман тілеп дұға бағыштау ғана. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын.

Алланың нұры құйылсын,
Пейіштен орын бұйырсын.
Нұр бейнеңіз кетпес жүректен,
Біз үшін мәңгі тірісіз.

Еске алушылар: 2018-2022ж бастауыш түлектері.

4 қазан 2024 жыл

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К конкурсу допускаются граждане Республики Казахстан и негосударственные юридические лица, зарегистрированные в установленном порядке, кроме иностранных юридических лиц, а также юридических лиц, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов) оформившие заявку на участие в конкурсе в срок, не позднее установленного извещением

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

№ п/п	Направление от ближащего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохо- зяйственная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет		Сельхоз угодии в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспе- ченность	Другие
					Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угоди			
1	Абайский сельский округі лот №5	Для животноводства	541,000	12 год			539,0000	2,0000	7	Необеспечен	
2	Айыртаский сельский округі лот №7	Для животноводства	5000,000	12 год		150,0000	4847,0000	3,0000	9	Необеспечен	
3	Караменде би сельский округі лот №11	Для животноводства	251,0000	12 год			250,2000	0,8000	20	Необеспечен	
4	Ортадересинский сельский округі лот №19	Для животноводства	1500,0000	12 год		50,0000	1446,0000	4,0000	5	Необеспечен	
5	Земли запас лот №27	Для животноводства	2000,0000	12 год			2000,0000	1,0000	5	Необеспечен	
6	Земли запас (с.о. Ортадересин) лот №28	Для животноводства	2000,0000	12 год			1996,2000	3,8000	5	Необеспечен	
7	Земли запас лот №35	Для животноводства	3500,0000	12 год			3494,0000	6,0000	5	Необеспечен	
8	Земли запас лот №37	Для животноводства	3105,0000	12 год			3100,0000	5,0000	8	Необеспечен	
9	Карабулакский сельский округ лот №39	Для животноводства	1193,1605	12 год			1189,8605	3,3000	7	Необеспечен	
10	Сельский округ Караменде би лот №43	Для животноводства	54,7500	12 год			54,5500	0,2000	15	Необеспечен	
11	Земли запас лот №44	Для животноводства	2500,0000	12 год			2495,2000	4,8000	6	Необеспечен	
12	Кызыларайский селский округ лот №46	Для животноводства	190,0000	12 год		50,0000	1998,3000	1,000	14	Необеспечен	

правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **15-00 часов 25 ноября 2024 года** (указывается точная дата).

Конкурс проводится в соответствии с требованиями норм ст.ст.43, 43-1,48 Земельного Кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442 и «Правилами организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденного Приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан- Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 518 от 20 декабря 2018 года.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района) расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 10Г (2-й этаж, кабинет 1). Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83: электронный адрес: aktogai_zher23@mail.ru.

**Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства»
Актогайского района.**

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Открылось наследство после смерти Васильевой Тамары Федотовны, 12.03.1941 года рождения, умершей 12.10.2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область, Актогайский район, поселок Сарышаган, улица Темиржол 12 Б.

Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, "Ақтоғай ауданының құрметті ардагері" Ақжолтаев Маратқа туған қарындасы **Ақжолтаева Ләззат Ақмағанбетқызының** кенеттен қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Алланың рахметі, Пайғамбардың шапағаты болсын.

Ақтоғай аудандық ардагерлер кеңесі.

Дәстүрлі жарыс өтті

Жылдағы дәстүр бойынша бойынша 1 қазан – бүкіл әлемдік қауымдастық Халықаралық қарттар күні деп аталады. Бұл мереке аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және ардагерлерге қамқорлық көрсететін күн



болып есептеледі. Қарттар күні қарсаңында аудан басындағы ардегерлер үйінде шахмат ойынынан жарыс өтті. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің, аудандық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен өткен спорттық шараны аудан әкімінің орынбасары Дарқан Мұқатай құттықтау сөзімен ашып, қарттарымызды мерекемен құттықтап,

ойынға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Спорттық бәсекеге Ақтоғай ауданы бойынша жалпы қатысқан 19 тілек білдіруші өзара кіл мықтыларын анықтады. Додаға түскен шахматшылар қарсыластарына дес бермей, ойынның көрігін қыздырды. Таңертеңнен кешке озған сайыс қорытындысы бойынша бірінші орын ақтоғайлық Е.Шарбековке бұйырды. Жүлделі екінші және үшінші орындарды Сарытерек ауылынан келген Ж.Шакаримов пен Қ.Төлеубековтар қанжығаларына байлады. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі қариялардың арасынан үздік ойын өрнегін көрсеткен жеңімпаздарды марапаттап, оларға мере-

келік сый-сияпат жасады.

Мереке күнінде шараның өтуіне белсене атсалысқан ардагерлерімізге, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықов өз құттықтауын айтып, алғыс білдірді.

Ақтоғай аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі.

* * * * *

Көкпардың жас жұлдыздары

Облыс чемпионатында жерлестеріміз жүлделі 2-орынға ие болды

2024 жылдың 20-22 қыркүйек күндері аралығында Қарағанды қаласының атшабар алаңында (Күнгеі мен Үштөбе арасы) 2007-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында Қарағанды облысының көкпар чемпионаты өтті. Жарыс көкпарсүйер қауым үшін үлкен мерекеге айналып, облыс аудандарының ең мықты көкпаршылары бақ сынады. Жарысқа қатысушылардың саны көп болып, Нұра, Шет, Қарқаралы, Бұқар жырау және Ақтоғай аудандарының спортшылары өз күштерін көрсетіп, қызықты тартыс өткізді.

Чемпионат өте жоғары деңгейде өтті, әсіресе, жасөспірімдер

арасындағы ойындар нағыз тартысқа толы болды. Әр ауданның командасы көкпар өнеріндегі өз шеберліктерін көрсетіп, нағыз жеңімпаз болуға талпынды.

Ақтоғай ауданының командасы бұл чемпионатта жүлделі 2-орынға ие болды. Алғашқы ойында Ақтоғай командасы Нұра ауданының құрамасымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіске жетті. Алайда, келесі ойында Қарқаралы ауданының командасымен болған тартыста 7:2 есебімен жеңіліп, жалпы есеп бойынша екінші орын алды.

Жарыс барысында Ақтоғай командасының құрамындағы 12-нөмірлі жас палуан Ершат Тайтолеу ерекше көзге түсті. Ершат өз командасы үшін барлық салымдарды салып, оның ерен еңбегі арқасында Ақтоғай ауданы жүлделі 2-орынға ие болды. Ершаттың шеберлігі мен батылдығы көрермендердің ыстық ықыласына бөленді, ал оның



ойын кезіндегі табандылығы мен күші баршаны тәнтгі етті. Сонымен қатар, Ақтоғай командасынан тағы бір палуан — Алмас Саматұлы да үздік ойын көрсетіп, екеуі де Шымкент қаласына өтетін жарысқа жолдама алды. Ойындар өте қызықты әрі тартысты өтті. Әр команда өзінің мықтылығын көрсетуге

тырысып, барлық палуандар командаларын алға жетелеуге бар күштерін салды. Чемпионаттың тартысты өтуі жарыс деңгейінің жоғары екендігін айқындап, жасөспірімдер арасындағы көкпардың маңыздылығын дәлелдеді. Жарыс аяқталған соң, жеңімпаздар арнайы мадақтау грамоталарымен

марапатталды. Жүлделі орындарға ие болған командаларға кубоктар мен медальдар табысталды. Жарыс өте қызықты әрі тартысты болды. Барлық палуандар бір-бірінен қалыспай, өз командаларын жеңіске жетелеуге бар күш-жігерлерін салды. Бұл чемпионат жас спортшыларға үлкен тәжірибе беріп, болашақта үлкен жеңістерге жету үшін шабыт сыйлады. Ақтоғай ауданының жас палуандары өздерінің қажырлы еңбегімен үлкен нәтиже көрсетіп, болашақта да өз ауданын облыстық жарыстарда абыроймен қорғайтынына сенімдері мол.

Чемпионат көкпарға қызығушылық танытқан жанкүйерлерге нағыз мереке сыйлап, жас палуандарға үлкен шабыт берді. Ақтоғайлықтардың жүлделі орын алуы аудан үшін маңызды жетістікке айналды.

Кәмила Тайтолеу, журналист.

Құттықтаймыз!



Қадірлі анамыз
Токбергенова Мнифа Төребекқызы!

Сізді 80-нің биігіне шыққан туған күніңізбен құттықтаймыз! Алла Сізге баға жетпес байлық – денсаулық пен ұзақ ғұмырды нәсіп етсін. Әр күніңіз қуантып, бақытқа бөленіңіз, өміріңіз немере, шөберенің әнімен тербелсін, ең шаттықты күндерді, бар жақсылықты нәсіп етсін. Құтты болсын Анашым сексеніңіз, Бәйтерек болды балауса шыбық еккеніңіз. Немере сүйіп, мәуелі бакта бас қосып, Осы емес пе төбеміз көкке жеткеніміз.

Ақ тілекпен: Кәрімхановтар әулеті.



Құрметті көршіміз **Токбергенова Мнифа Төребекқызын** сексеннің сеңгіріне шыққан мерей-жасымен шын жүректен құттықтаймыз. Көрші-қоланңың ақылшысы, берекесі бола білген осынау асыл жанға қуанышты күні деніне саулық, шаңырағыңызға ырыс байлығын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Бала-шаға, немерелеріңіздің, біздің ортамызда ұзақ жасаңыз. Шөбере жетектеп, тек қана қуанышты күндерді көруге Алла нәсіп етсін.

Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығы байқалған.
Есен болсын ұрпағыңыз көрінген,
Ән қалықтап, күй төгілсін төріңнен.

Игі тілекпен: көршілеріңіз – Бикен, Райхан, Асан, Олжабай, Өміртай, Кәкен, Қымбат, Болат, Сүйіндік, Маржан, Дәулет, Еркебұлан Р, Ерлік, Жанболат, Еркебұлан Б, Қуаныш, Есхат, Бекайдар.



Құрметті отбасымыздың тірегі, асқар тауы, асылымыз **Сансызбаев Терлікбай!**

Сізді осынау еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шығар 63 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Ең алдымен өзіңізге Алланың нұры жаусын.

Біз үшін, отбасын асыраймын деп төккен әр тер тамшыңыз жәннат бақшасында өзен болып ағылсын. Сіз әлі жігерлісіз, мықтысыз, сол қайратыңыз бойыңызда еш сарқылмасын. Аспаныңызда күн сәулесі өзіңіз үшін жайнап, жадырап, шуағын шашып тұра берсін. Әкешім, бізге деген әппақ көңіліңіздің мөлдірлігі жауһарға жетпес бір төбе, қуансаңыз, шаттансаңыз біз үшін ол мақтаныш. Өзіңізге өмірдің асылын тіледік, жақсысын тіледік. Анам екеуіңіз қос аккумуля аяырамай, мәңгі бірге болыңыздар.

Міне келдің 63-те зейнет жасқа,
Көру жазсын 100-ден асып жасың басқа.
Бейнетінің зейнетін көрсе екен деп,
Көтермелеп өзінді осы шақта.
Мақтанамыз біз өзіндей асқар шынмен!
Жеткенің бе осы кезге мықтылықпен.
Мықтылығың бойында бар жан әкешім,
Шыққан өзі Әлтекедей тектілерден.
Ендігі тек зейнет болсын көргенің,
Керек бізге ұрпағыңмен өнгенің,
Айырылмасын жақсылық тек бас-басыңнан
Қабыл алғын бұл тілекті отбасыңнан.

Тілек білдіруші: Жұбайы – Қарлығаш, балалары – Мадина, Балауса, Нұрәли.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті
редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй. Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.